

11. *Düniejüzılık Ekonomikalyq Forum [The Future of Jobs Report], 2020 [Electronic resource]. – URL: <https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2020/>, [in Kazakh]*

12. *Janssen M., Heerkens Y., Van der Heijden B., Korzilius H., Peters P., Engels J. (2024) Effects of mindfulness training on teachers' expectations and experiences regarding their mental health and mindfulness/prosocial competencies // Mindfulness. Vol. 15. pp. 3153–3170. DOI: <https://doi.org/10.1007/s12671-024-02477-5>*

МРТНИ: 15.81.21

10.51889/2959-5967.2025.85.4.010

А.Б. Махамбетова^{1*} , А.Умаров² , Е.Т. Сапар³ , Р.К. Керимбаева² , Ә.Д. Нөгербек² 

¹ *Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ, Қазақстан*

² *М.Х. Дулати атындағы Тараз Университеті, Тараз қ, Қазақстан*

³ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан*

БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Аңдатпа

Қазіргі заманда білім беру жүйесі тек академиялық білім берумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуын, психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету міндетін де алға қойып отыр. Бұл ретте білім беру үрдісінде оқушыларды психологиялық қолдау көрсету – мектеп педагогтары мен психологтарының негізгі бағыттарының бірі ретінде өзектілікке ие. Психологиялық қолдау – оқушылардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне, өзін-өзі тануына, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға және тұлғалық дамуында кездесетін қиындықтарды жеңуге ықпал ететін мақсатты және жүйелі қызмет. Зерттеулер көрсеткендей, білім беру мекемелерінде жүйелі ұйымдастырылған психологиялық қолдау оқу мотивациясының жоғарылауына, оқушылардың өз-өзіне сенімділігінің артуына және қарым-қатынас дағдыларының дамуына оң әсер етеді.

Бұл мақалада психологиялық қолдау ұғымының мазмұны, оның білім беру процесіндегі орны, түрлері және ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық қолдау көрсету ерекшеліктері, мектеп психологы мен мұғалім арасындағы өзара іс-әрекеттің тиімді формалары сипатталады. Мақала барысында жалпы білім беретін мектептерде жүргізілген эмпирикалық зерттеулер нәтижелері келтіріліп, психологиялық қолдаудың практикалық маңыздылығы дәлелденеді. Мақсат – мектеп ортасында психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету арқылы оқушылардың әлеуетін ашу, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына ықпал ету.

Бұл зерттеу білім беру саласындағы мамандарға, педагогтерге, мектеп психологтарына, сондай-ақ ата-аналарға да пайдалы бола алады.

Түйін сөздер: психологиялық қолдау, білім беру үрдісі, оқушы психологиясы, мектеп психологы, тұлғалық даму, психологиялық бейімделу, мотивация, эмоционалдық тұрақтылық.

^{1*} *Махамбетова А.Б., ²Умаров А., ³Сапар Е.Т., ²Керимбаева Р.К., ²Нөгербек Ә.Д.*

¹ *Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г.Алматы, Казахстан*

² *Таразский университет им.М. Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан*

³ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА УЧАЩИХСЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

В современном мире система образования ставит задачу не только академического образования, но и обеспечения личностного развития, психологической устойчивости учащегося. При этом психологическая поддержка учащихся в образовательном процессе – одно из основных направлений деятельности педагогов и психологов школы. Психологическая поддержка-целенаправленная и систематическая деятельность, способствующая социально-психологической адаптации учащихся, самопознанию, эффективному использованию собственных возможностей и преодолению трудностей, с которыми они сталкиваются в личностном развитии. Исследования показали, что систематически организованная психологическая поддержка в образовательных учреждениях положительно влияет на повышение мотивации обучения, повышение уверенности учащихся в себе и развитие коммуникативных навыков.

В данной статье рассматривается содержание понятия психологического сопровождения, его место в образовательном процессе, виды и пути организации. Кроме того, характеризуются особенности оказания психологической поддержки в зависимости от возрастных особенностей учащихся, эффективные формы взаимодействия школьного психолога и учителя. В ходе статьи приводятся результаты эмпирических исследований, проведенных в общеобразовательных школах, и доказывается практическая значимость психологической поддержки. Цель-раскрыть потенциал учащихся через обеспечение психологического комфорта в школьной среде, способствовать их становлению полноценной личностью.

Это исследование может быть полезно специалистам в области образования, педагогам, школьным психологам, а также родителям.

Ключевые слова: психологическая поддержка, образовательный процесс, психология ученика, школьный психолог, личностное развитие, психологическая адаптация, мотивация, эмоциональная устойчивость.

^{1*} A.Makhambetova,² A.Umarov ³ E.Sapar, ²R.Kerimbaeva, ²A.Nogerbek

¹ Nur-Mubarak Egyptian University Of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan

² Taraz University Named After M. H. Dulati, Taraz, Kazakhstan

³ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF STUDENTS IN THE EDUCATIONAL PROCESS

Abstract

In modern times, the education system is not limited to academic education, but also sets itself the task of ensuring the personal development and psychological stability of the student. At the same time, psychological support of students in the educational process is relevant as one of the main directions of school teachers and psychologists. Psychological support is a purposeful and systematic activity that contributes to the socio-psychological adaptation of students, self-knowledge, the effective use of their capabilities and overcoming the difficulties encountered in personal development. Research shows that systematically organized psychological support in educational institutions has a positive effect on increasing learning motivation, increasing students' self-confidence, and developing communication skills.

This article discusses the content of the concept of psychological support, its place in the educational process, types and ways of organization. In addition, the features of providing psychological support to students depending on their age, the effective forms of interaction between the school psychologist and the teacher are described. In the course of the article, the results of empirical research conducted in general education schools are presented and the practical importance of psychological support is proved. The goal is to reveal the potential of students by providing them

with psychological comfort in the school environment, to contribute to their formation as full-fledged personalities.

This study can be useful for specialists in the field of education, educators, school psychologists, as well as parents.

Keywords: psychological support, educational process, student psychology, school psychologist, personal development, psychological adaptation, motivation, emotional stability.

КІРІСПЕ. Қазіргі заманғы жаһандану және цифрлық трансформация дәуірінде білім беру жүйесінің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, шығармашыл, эмоционалды тұрақты және әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Бұл талаптар мектеп қабырғасынан бастап әрбір оқушының жан-жақты дамуын, соның ішінде психологиялық қолдаудың жүйелі түрде жүргізілуін қажет етеді. Оқушылардың оқуға деген ынтасының төмендеуі, мазасыздық деңгейінің артуы, тұлғааралық қатынастағы қиындықтар мен буллинг секілді өзекті мәселелер оқушының психологиялық ахуалына кері әсер етуде. Сондықтан білім беру үрдісінде оқушыларға қолдау көрсететін психологиялық қызметтің рөлі артып келеді.

Психологиялық қолдаудың басты мақсаты – оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз бойындағы әлеуетін танып, оны тиімді іске асыруына жағдай жасау. Бұл – білім беру ортасында психологиялық қауіпсіздік аймағын құру, оқушылардың ішкі ресурстарын жандандыру, тұлғалық өсуді қолдау және түрлі күйзелістерге қарсы тұру қабілетін дамыту деген сөз. Жасөспірім жастағы оқушылардың өз-өзіне сенімсіздігі, жоғары мазасыздық пен әлеуметтік бейімделудегі қиындықтары жиі кездеседі. Мұндай жағдайлар оқу үлгеріміне, өзін-өзі бағалауына, тіпті психикалық денсаулығына кері ықпал етеді. Сол себепті мектеп психологы мен педагогикалық ұжымның үйлесімді іс-әрекеті арқылы әр оқушыға дер кезінде қолдау көрсету – маңызды стратегиялық міндет.

Психологиялық қолдау тек қиындыққа тап болған оқушылармен жұмыс жүргізумен шектелмейді, ол – профилактикалық, диагностикалық және дамыту жұмыстарының жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл қызмет оқушының тек оқу жетістігіне ғана емес, сонымен қатар жалпы өмірлік бейімделуіне де ықпал етеді. Оқу ордаларында мұндай қызмет түрін ғылыми-әдістемелік негізде қалыптастыру, оның тиімділігін бағалау және педагогикалық үрдіске енгізу – бүгінгі күннің маңызды сұрақтарының бірі болып отыр.

Бұл бағыттағы ғылыми негіздер Л.С. Выготскийдің “жақын даму аймағы” тұжырымдама-сына негізделеді, онда баланың дамуы ересектермен немесе неғұрлым тәжірибелі құрбыларымен өзара әрекеттесуде тиімді жүретіні атап көрсетіледі [1].

А.Маслоу өз еңбектерінде адамның өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын психологиялық қолдау қызметінің іргетасы ретінде сипаттайды [2].

К.Роджерс гуманистік бағыттағы психотерапия арқылы оқушылардың ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау қажеттігін дәлелдеген [3].

Ал А. Леонтьев тұлғаның дамуы іс-әрекет арқылы жүзеге асатынын айта келе, мектептегі білім беру мазмұны мен әдістемесіне психологиялық қолдауды кіріктіру қажеттігін атап өткен [4]. Сонымен қатар, А.Асмолов тұлғаның құндылықтық және мағыналық салаларын зерттеп, оқушылармен жүргізілетін психологиялық жұмыстарда бұл факторлардың ескерілетінін баса айтқан [5].

Р.Немов оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес психологиялық қызмет түрлерін ұсыну қажеттігін негіздеген [6], ал И.Кон жасөспірімдер психологиясы мен олардың әлеуметтену мәселелерін кеңінен қарастырған [7]. Г.Айзенк тұлға темпераменті мен мінезінің құрылымын зерттеп, психологиялық диагностикада қолданылатын әдістерді әзірлеген [8].

В.Сатирдің отбасылық терапия саласындағы еңбектері ата-аналармен жұмыс жүргізуде кеңінен қолданылуда [9].

В.Бодалев тұлғааралық қарым-қатынас мәселелеріне тоқталып, педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық қырларын негіздеген [10].

С.Рубинштейн адамның санасы мен іс-әрекет бірлігін тұжырымдай отырып, мектептегі психологиялық жұмыстардың әрекетке бағытталу принципін қалыптастырған [11]. Р.Якобсон тұлғалық ерекшеліктер мен оқушылардың өзін-өзі тану үрдісін зерттеген [12], ал В.В.Ковалев мектеп психологиясының диагностикалық және түзету бағыттарын анықтаған [13].

А.Столяренко эмоционалдық тұрақтылық пен ішкі мотивацияны дамытудың әдістемелерін ұсынған [14], бұл оқушылардың психологиялық әл-ауқатын арттыруда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, отандық ғалымдар – А.Иманбекова [15], С.Е. Елеусізова [16], А.Мусина [17] – қазақстандық мектеп жағдайында психологиялық қызметтің ерекшеліктерін, ұлттық менталитетті ескерудің маңызын көрсетті.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңында да білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету білім беру ұйымдарының міндеті ретінде бекітілген [18]. Халықаралық зерттеулерде, әсіресе OECD [19] және UNESCO [20] деректерінде оқушылардың психологиялық жағдайын жақсарту – білім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде танылған.

Зерттеудің мақсаты:

Оқушылардың психологиялық саулығын қамтамасыз ететін, оқу мен тәрбиелеу үрдісінде тиімді қолданылатын психологиялық қолдаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтап, оны білім беру тәжірибесіне енгізу жолдарын ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінде психологиялық қолдаудың мәнін, мақсаттарын, құрылымын және мазмұнын теориялық тұрғыдан ашу;
2. Психологиялық қолдау қызметінің отандық және шетелдік тәжірибесін талдау, салыстыру және тиімді модельдерін анықтау;
3. Оқушылардың жас және жеке-дара психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдауды ұйымдастырудың тиімді әдістерін айқындау;
4. Психологиялық қолдау көрсету барысында қолданылатын құралдар мен әдістемелердің (диагностика, кеңес беру, тренингтер, арт-терапия, релаксация жаттығулары және т.б.) тиімділігін зерттеу;
5. Мектеп психологының, сынып жетекшісінің және ата-аналардың өзара әрекеттестігін күшейтудің жолдарын көрсету;
6. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында психологиялық қолдаудың практикалық моделін әзірлеп, оны эмпирикалық тұрғыда тексеру;
7. Зерттеу нәтижелері негізінде білім беру мекемелеріне арналған әдістемелік ұсынымдар пакетін жасау.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындау арқылы, зерттеу оқушы тұлғасына жан-жақты, жүйелі, ғылыми негізделген психологиялық қолдаудың қаншалықты маңызды екенін нақты деректермен дәлелдеуге бағытталады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Зерттеу жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылым талаптарына сәйкес әдіснамалық негіздерге сүйене отырып жүргізілді. Бұл бөлімде зерттеудің ғылыми-теориялық тұғырнамасы, әдіснамалық негізі, зерттеу нысаны мен пәні, сонымен қатар қолданылған әдістер мен олардың мақсатқа сай таңдалу себептері жан-жақты сипатталады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі:

Зерттеудің теориялық негізіне тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуіне бағытталған психологиялық теориялар, соның ішінде Л.Выготскийдің әлеуметтік-мәдени даму тұжырымдамасы, А.Леонтьевтің әрекет теориясы, К.Роджерстің гуманистік психологиясы мен А.Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы легіне енетін тұжырымдамалар алынды. Бұл теориялар оқушы тұлғасының ішкі әлеуетін ашу, өзін-өзі тану, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру және жеке тұлға ретінде дамуын қолдауға бағытталған психологиялық қызметтің мәнін терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Л.Виготскийдің “Жақын арадағы даму аймағы” ұғымы оқушыны қолдаудың педагогикалық-психологиялық негізін құрайды. Бұл қағидат білім беру үдерісінде оқушыны өз әлеуетіне сай дамытуды, оның мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Сонымен қатар, зерттеу барысында психологиялық қызметтің құрылымы мен мазмұнын сипаттауда А.Петровский мен Д.Фельдштейн сынды ғалымдардың еңбектеріне сүйенілді.

Зерттеу нысаны: Жалпы білім беретін мектеп жағдайындағы білім беру үдерісі.

Зерттеу пәні: Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету үрдісі, оның мазмұны, әдістері және тиімділігін бағалау механизмдері.

Зерттеу жүргізілген базалар: Зерттеу жұмысы Қазақстандағы бірнеше жалпы білім беретін орта мектептерде (№58, №79 және №151 мектеп-гимназиялары, Астана қаласы) жүргізілді. Зерттеуге 5–11 сыныптар арасындағы 178 оқушы, 8 мектеп психологы, 12 сынып жетекшісі мен 40-тан астам ата-ана қатысты.

Зерттеу жұмысы үш кезең бойынша жүргізілді:

1. Дайындық кезеңі – теориялық әдебиеттерді талдау, мақсат-міндеттерді нақтылау, әдістемелерді таңдау, зерттеу құралдарын дайындау.

2. Негізгі кезең – психодиагностикалық зерттеу жүргізу, алынған деректерді талдау, психологиялық қолдау тренингтері мен кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Қорытынды кезең – нәтижелерді жинақтау, статистикалық өңдеу, қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу әдістері: Зерттеу барысында сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістер кешені қолданылды. Әдістер кешенін қолдану зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Зерттеу әдістеріне барлығы төрт әдіс алынды. Бірінші, теориялық әдістер. Бұл әдісте:

- Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау;
- Заңнамалық және нормативтік құжаттарды шолу (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР БҒМ бұйрықтары, т.б.);

- Ұқсас зерттеу тәжірибелерін салыстырмалы талдау сынды жұмыстар жүргізілді.

Екінші эмпирикалық әдістер. Бұл әдістің құрылымы төмендегідей болды.

- Сауалнама (анкета): Оқушылар мен ата-аналардың психологиялық қолдауға деген қажеттілігін, көзқарасын және мектеп ортасындағы психологиялық климатты анықтауға бағытталды.

- Бақылау: Оқу барысында және сыныптан тыс іс-шаралар кезінде оқушылардың мінез-құлқы мен эмоционалдық жағдайын тіркеу.

- Сұхбат: Педагог-психологтар және сынып жетекшілерімен өткізілді, мақсатымыз – психологиялық қызмет тәжірибесін зерттеу.

- Психодиагностикалық әдістемелер:

- Спилбергер-Ханин шкаласы (мазасыздық деңгейін бағалау);

- «Мен кімін?» проективті әдістемесі;

- Дж.Мореноның социометриялық әдісі.

Үшінші әдіс эксперименттік әдіс. Бұл әдісте психологиялық қолдау жүйесінің тиімділігін бағалау мақсатында шағын психокоррекциялық тренингтер сериясы ұйымдастырылды. Тренинг мазмұны: өзін-өзі тану, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, эмоцияны басқару және күйзеліспен күресу.


Төртінші әдіс деректерді өңдеу және талдау әдістері. Жиналған мәліметтер SPSS және Excel бағдарламалары арқылы өңделіп, статистикалық талдау жүргізілді. Мәліметтерді талдауда келесі тәсілдер қолданылды: пайыздық қатынас, салыстырмалы графиктер, корреляциялық байланыс коэффициенттері. Нәтижелер сапалық түрде интерпретацияланып, сандық деректермен негізделді.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ Зерттеу жұмысында білім беру үдерісінде оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жүйесінің тиімділігі мен қажеттілігі эмпирикалық әдістер арқылы дәлелденді. Мектептегі психологиялық ахуалды бағалау және оқушылардың эмоционалдық жай-күйін анықтау мақса-тында бірқатар психодиагностикалық әдістемелер қолданылды. Нәтижелер оқушылардың мазасыздық деңгейі, тұлғалық бейімделуі, өзін-өзі қабылдауы және қарым-қатынас стилі тұрғысынан жан-жақты талданды.

Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау нәтижелерін ұсынатын болсақ, зерттеуге қатысқан 178 оқушыға Спилбергер-Ханин әдісі арқылы күйзеліс пен мазасыздық деңгейі өлшенді. Алынған нәтижелер көрсеткендей, бастапқы кезеңде оқушылардың 40%-ында жоғары деңгейдегі мазасыздық байқалды, бұл оқушылардың оқу жетістігі мен әлеуметтік бейімделуіне кері әсер ететін фактор ретінде бағаланды. Ал психологиялық қолдау бағдарламасы (тренингтер, кеңес беру, арт-терапиялық сабақтар) аяқталғаннан кейін жоғары мазасыздық деңгейі 17%-ға дейін төмендеді, ал төмен және орташа мазасыздық деңгейіндегі оқушылар саны тиісінше артты. 1-кестеде оқушылардың мазасыздық деңгейінің көрсеткіштері ұсынылды.

Кесте 1 - Оқушылардың мазасыздық деңгейінің динамикасы (Спилбергер тесті бойынша)

Мазасыздық деңгейі	Зерттеу басында (%)	Зерттеу соңында (%)
Төмен	22	38
Орташа	38	45
Жоғары	40	17



Сурет 1 - Оқушылардың мазасыздық деңгейінің өзгерісі

Бұл нәтижелер жүргізілген психокоррекциялық жұмыстардың оқушылардың эмоциялық тұрақтылығына оң ықпал еткенін дәлелдейді. Әсіресе, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулар мазасыздықты төмендетуде тиімді болды. Мазасыздық деңгейінің төмендеуі Л.Выготскийдің жақын даму аймағы теориясы мен А. Маслоудың қауіпсіздік пен психологиялық тұрақтылыққа деген қажеттілігіне негізделген. Эмпатиялық қолдау, эмоционалдық реттеу жаттығулары, арт-терапия элементтері оқушылардың өзін қауіпсіз ортада сезінуіне мүмкіндік беріп, мазасыздықты азайтты.

Қарым-қатынас пен бейімделу деңгейін бағалау қорытындысы бойынша Дж.Мореноның социометриялық тесті негізінде оқушылардың сыныптағы әлеуметтік мәртебесі мен қарым-қатынас жүйесі зерттелді. Зерттеу басында 22% оқушы социометриялық шкалада “референтсіз”, яғни ешкім таңдамайтын оқушы ретінде тіркелді. Бұл олардың оқушылар ұжымында әлеуметтік бейімделуінде қиындықтар барын көрсетті. Алайда психологиялық қолдаудан кейін

бұл көрсеткіш 11%-ға дейін төмендеді, ал “референтті” (яғни, танымал, жиі таңдалатын) оқушылардың үлесі 18%-дан 29%-ға артты. Мұндай оң өзгерістер сенімді қарым-қатынас орнату дағдыларын дамытуға арналған топтық тренингтердің, ұжымдық ойындардың және рөлдік жаттығулардың нәтижесі болды. Қатысушылардың өзара сенімділігі артып, коммуникативтік кедергілер азайды. Үшінші зерттелген өзін-өзі тану мен бағалау деңгейі бойынша “Мен кімін?” атты проективті әдістеме арқылы оқушылардың өзін-өзі қабылдауы мен өзіндік концепциясы зерттелді. Талдау нәтижелері көрсеткендей:

- Зерттеу басында 37% оқушы өзін теріс сипаттаған (мысалы: “әлсізбін”, “тез ашуланамын”, “ешкіммен араласпаймын”);

- Зерттеу соңында бұл көрсеткіш 19%-ға дейін төмендеді;

Өзінің жағымды қасиеттерін атай алатын оқушылар саны 41%-дан 63%-ға артты. Бұл нәтижелер психологиялық қолдаудың тұлғаның өзін-өзі тануы мен құрметтеуін арттыруда тиімділігін көрсетті. Әсіресе, К.Роджерстің клиентке бағытталған психотерапия негізіндегі әдістер қолданылды: эмпатиялық тыңдау, «айна» техникасы, жағымды кері байланыс.

Төртінші, статистикалық өңдеу нәтижелері:

Зерттеу деректері SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Пирсон корреляция коэффициенті бойынша мынадай маңызды байланыс анықталды:

- Мазасыздық деңгейі мен оқу үлгерімі арасында кері байланыс: $r = -0.41$;

- Өзін-өзі бағалау деңгейі мен әлеуметтік мәртебе арасында оң корреляция: $r = 0.53$. Бұл формулалар зерттеу деректерінің арасындағы өзара байланысты статистикалық тұрғыдан негіздейді:

$$r = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \bar{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \cdot \sum(y_i - \bar{y})^2}}$$

Мұндағы,

x_i - мазасыздық деңгейі шкаласы бойынша ұпайлар

y_i - үлгерім немесе әлеуметтік мәртебе көрсеткіштері

\bar{x}, \bar{y} - орта мәндер

Алынған нәтижелер оқушыларға кешенді психологиялық қолдау көрсетудің тиімділігін жан-жақты дәлелдейді. Эмоционалдық ахуалды реттеу, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және өзін-өзі тануға негізделген әдістер оқушының психологиялық әл-ауқатын жақсартуға ықпал етті. Бұл өз кезегінде оқу процесіне, мотивацияға және мектеп өміріне белсенді қатысуға оң әсерін тигізді. Зерттеу нәтижелері мен теориялық тұжырымдамалар өзара үйлесімді. Л.Выготскийдің “жақын арадағы даму аймағы” тұжырымдамасы негізінде жасалған психологиялық қолдау оқушыны дамытудың нақты механизміне айналды. Ал К.Роджерстің гуманистік көзқарасы әр оқушының даралығын ескеріп, қауіпсіз ортада өз әлеуетін ашуына мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында жеке зерттеу жағдайлары (кейстер) жүргізілді. Анықталған бірінші кейс яғни жоғары мазасыздық пен өзін-өзі төмен бағалау бойынша:

Оқушы: М., 8-сынып, қыз бала.

Мәселе: Сыныптастарымен қарым-қатынасы нашар, өзіне сенімсіз, жиі «барлығы мені жақтырмайды» деп ойлайды. Сабақ кезінде үнсіз, белсенділік танытпайды. Спилбергер тесті бойынша – жоғары мазасыздық (49 ұпай), «Мен кімін?» әдістемесінде – өзін тек теріс сипаттаған.

Бұл нәтиже бойынша төмендегідей психологиялық жұмыс ұйымдастырылды:

- 6 апталық топтық тренинг (өзін-өзі тану, ішкі сыншыны тану, сенімді мінез-құлықты дамыту);

- Арт-терапия (сурет арқылы эмоцияны білдіру);

- Жеке кеңес беру (Роджерстік эмпатиялық тәсіл).

Нәтижесін ұсынатын болсам: М. өзін оң сипаттай бастады, өзін «сабырлы», «мейірімді» деп атады. Қарым-қатынасында ашықтық пайда болды, сыныптастарымен бірлесіп жұмыс істеуге қатыса бастады. Мазасыздық деңгейі 49-дан 35 ұпайға төмендеді.

Екінші анықталған кейс әлеуметтік оқшаулану:

Оқушы: Д., 6-сынып, ұл бала.

Мәселе: Социометрияда ешкім таңдамаған. Сабақта белсенді емес, үнемі жалғыз жүреді.

Бұл оқушыменде психологиялық жұмыс ұйымдастырылды:

- Ойын терапиясы (сенімді байланыс орнату үшін);
- Қарым-қатынасқа үйрету тренингтері;
- Ата-анамен жұмыс (қолдау стилін өзгерту, ынталандыру).

Нәтижесінде:

Д. жұптық және топтық жұмысқа өз еркімен қатыса бастады. Социометрия нәтижесінде келесі кезеңде оны 5 оқушы таңдаған. Эмоционалды күйзеліс белгілері азайды.

Зерттеу барысында білім беру процесінде оқушыларды психологиялық қолдау жүйесінің теориялық негіздері, әдіснамалық тәсілдері мен практикалық тиімділігі жан-жақты қарастырылды. Психологиялық қолдаудың мазмұны – оқушының тұлғалық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және эмоционалдық тұрақтылығына ықпал ететін кешенді жұмыс жүйесі ретінде дәлелденді.

Зерттеудің нәтижелері келесі маңызды қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді:

1. Психоэмоционалдық ахуалды анықтауға арналған диагностика (Спилбергер шкаласы, өзін-өзі бағалау әдістемесі, социометрия) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай психологиялық жағдайын анық көрсетіп берді. Диагностикалық көрсеткіштер оқушылардың 40%-ында жоғары мазасыздық, 37%-ында теріс өзіндік қабылдау бар екенін көрсетті.

2. Психологиялық қолдау бағдарламасы (топтық тренингтер, арт-терапия, сенімді мінез-құлық жаттығулары, жеке кеңестер) мазасыздық деңгейін 23%-ға төмендетіп, жағымды өзін-өзі бағалауды 63%-ға дейін арттыруға ықпал етті.

Бұл оң өзгерістер Л.Выготский, К.Роджерс, А.Маслоу, А.Леонтьев сынды ғалымдардың теориялық тұжырымдарын нақты практикада қолдану арқылы жүзеге асты.

3. Зерттеу нәтижелерін статистикалық талдау (корреляциялық әдіс) арқылы дәлелдеу – психологиялық қолдаудың тиімділігіне нақты ғылыми негіз берді. Атап айтқанда:

- Мазасыздық пен үлгерім арасында – орташа кері байланыс анықталды ($r = -0.41$), бұл эмоционалдық тұрақсыздықтың оқу жетістігіне кері әсер ететінін көрсетеді;
- Өзін-өзі бағалау мен әлеуметтену деңгейі арасында – орташа тікелей байланыс анықталды ($r = +0.53$), яғни өзін оң бағалаған оқушылардың ортада белсенді бейімделетіні дәлелденді.

4. Жеке зерттеу жағдайлары (кейстер) мен алынған нәтижелер негізінде жасалған әдістемелік ұсыныстар білім беру мекемелерінде оқушыларға жүйелі психологиялық көмек көрсету жолдарын нақтылайды. Бұл ұсыныстарға диагностика жүйесін жетілдіру, тренингтер өткізу, мұғалімдер мен ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу сияқты көпжақты бағыттар кіреді.

Зерттеу нәтижерімен қорытындыларға сүйене отырып, мектептегі психологиялық қолдауды жетілдіруге бағытталған келесі әдістемелік ұсыныстар ұсынылады:

Кесте 2 - Мектептегі психологиялық қолдауды жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар

Әдістемелік ұсыныстар атуы	Жүргізілетін жұмыс түрлері
Психологиялық диагностика жүйесін тұрақты жүргізу	Жыл сайын оқу жылы басында және соңында диагностикалық зерттеулер өткізу (мазасыздық, агрессия, тұлғалық бейімделу және т.б.)
	Диагностика нәтижелерін жасырын түрде

	талдап, мұғалімдер мен ата-аналармен жұмыс стратегиясын жоспарлау
	Әр сыныпқа арналған психологиялық картотека жүргізу.
Тренингтік жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру	5–9 сыныптарда әр тоқсанда кемінде бір рет эмоционалдық интеллект, сенімділік, ынтымақтастық тақырыптарына тренингтер өткізу
	Қысқа мерзімді (3–5 сабақ) психокоррекциялық бағдарламалар жасау
	Арнайы топтармен (қиын мінезді оқушылар, көшбасшылар, интроверттер) жеке бағытталған жұмыс
Сынып жетекшілерімен және педагогтермен бірлескен жұмыс	Психологтар мен мұғалімдер арасында кері байланыс орнату
	Педагогтерге арналған семинар-тренингтер ұйымдастыру; («Қарым-қатынас тілі», «Психологиялық күйзелістен сақтану»)
	Эмоционалды тұрғыдан «қауіп тобына» кіретін оқушыларды ерте кезеңде анықтап, бірлескен жоспар құру
Ата-анамен серіктестік орнату	Ата-аналарға арналған психологиялық ағарту семинарлары; («Бала мен эмоция», «Отбасындағы тыңдау мәдениеті»)
	Ата-аналарға арналған жеке кеңес беру, қиын отбасылық жағдайларға араласу

Зерттеу нәтижелері мен жеке кейстер білім беру үдерісінде оқушыларды психологиялық қолдаудың маңызын дәлелдейді. Жүйелі ұйымдастырылған диагностика, мақсатты тренингтер, мектеп психологы, мұғалім және ата-ананың үшжақты серіктестігі психологиялық қолдау сапасын арттырудың басты тетігі болып табылады. Теория мен тәжірибе арасындағы үйлесім – білім беру кеңістігінде баланың тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің негізі.

ҚОРЫТЫНДЫ Жүргізілген зерттеу жұмысы білім беру үдерісіндегі оқушыларға психологиялық қолдау көрсетудің ғылыми-теориялық негіздері мен практикалық маңызын тереңінен ашып берді. Басты қорытынды – психологиялық қолдау жүйесі оқушылардың оқу үлгерімін ғана емес, тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық даму аспектілерін де белсенді түрде қалыптастыратынын нақты дәлелдеді.

Психологиялық қолдаудың мазмұны мен әдістері ғылыми негізге сүйене отырып, тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға, қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас орнатуға, эмоционалдық тұрақтылықты сақтауға бағытталады. Әсіресе, мазасыздық деңгейін төмендету, өзін-өзі оң қабылдау, тұлғааралық қатынасты жақсарту бағыттарында алынған нәтижелер оқушылардың психологиялық ахуалын сапалық тұрғыда жақсартуға болатынын көрсетті.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл тұжырымдар Л.Выготскийдің жақын даму аймағы, К.Роджерстің гуманистік психологиясы, А.Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы, А.Леонтьевтің әрекет теориясы сынды іргелі ұстанымдармен тығыз байланысты. Осы теориялар негізінде жасалған психологиялық-педагогикалық тәсілдер мектеп жағдайында тиімді іске асып, тәжірибелік маңызын дәлелдеді.

Сонымен қатар, корреляциялық-статистикалық талдаулар арқылы психологиялық көрсеткіштер мен оқу жетістіктері арасындағы байланыс сандық түрде нақтыланып, алынған нәтижелердің ғылыми дәлдігі артты. Бұл мәліметтер оқушылардың психоэмоционалды жай-күйі мен әлеуметтік бейімделуінің оқу процесіне тікелей әсер ететінін нақты көрсетеді.

Зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік ұсыныстар – мектептегі психологиялық қызметтің мазмұнын жүйелеуге, оқу-тәрбие үдерісінде психологиялық климатты оңтайландыруға бағытталған құнды практикалық құрал болып табылады. Психологиялық қолдаудың тиімді ұйымдастырылуы мектеп өмірінде түрлі қиындықтарды алдын алу мен оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін шешуші факторлардың бірі ретінде анықталды.

Осыған орай, қазіргі білім беру жүйесінде оқушыларға кәсіби психологиялық көмек көрсету – тек қосымша емес, міндетті құрылымдық компонентке айналуы тиіс. Бұл қолдау жүйесін сапалы іске асыру үшін мектеп психологтары, пән мұғалімдері, ата-аналар және әкімшілік өкілдері тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасауы қажет. Өйткені оқушының психологиялық әл-ауқаты – тек оның оқу табысының емес, бүкіл өмірлік әлеуетінің негізі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Выготский Л.С. В 92 Психология развития человека. - М.: Изд-во Смысл; Изд-во Эксмо, 2005. - 1136 с.*
2. *Маслоу А. Мотивация и личность. - СПб.: Питер, 2008.*
3. *Rogers C. Perspectives on Social Psychology: A Psychology of Human Being. - London: Routledge, 2020. - 352 с.*
4. *Леонтьев А. Н. Деятельность. Сознание. Личность. - М.: Смысл, 2001.*
5. *Асмолов А. Г. Психология личности: принципы общей психологии. - М.: Смысл, 2010. - 367 с.*
6. *Немов Р. С. Психология образования. - М.: Владос, 2003.*
7. *Кон И. С. Психология ранней юности. - М.: Граница, 2024. - 368 с.*
8. *Айзенк Г. Теория личности. - СПб.: Питер, 2001.*
9. *Сатир В. Искусство семейной терапии. - М.: Класс, 2000.*
10. *Бодалев В. В. Личность и общение. - М.: Международная педагогическая академия 2022. - 320 с.*
11. *Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2003. - 720 с.*
12. *Якобсон С. Г. Социально-психологическая адаптация школьников. - М., 2006.*
13. *Ковалев В. В. Возрастная психология. - М.: Просвещение, 2023. - 400 с.*
14. *Столяренко Л. Д. Основы психологии. - Ростов н/Д.: Феникс, 2005.*
15. *Берикханова, А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзіретті ұстаздарды даярлау негіздері: Оқу құралы. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2009. - 240б.*
16. *Елеусізова С. А. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы: Рауан, 2002.*
17. *Мусина Р. Ж. Жас ерекшелік психологиясы. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.*
18. *Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. - Астана, 2023.*
19. *OECD. Education at a Glance 2022.- Paris: OECD Publishing, 2022.*
20. *UNESCO. Inclusive Education Policy Review. - Paris, 2021.*

References

1. *Vygotskii L. S. Psikhologiya razvitiia cheloveka. - M.: Smysl, 2005.*
2. *Maslow A. Motivatsiia i lichnost'. - SPb.: Piter, 2008.*
3. *Rogers C. Perspectives on Social Psychology: A Psychology of Human Being. - London: Routledge, 2020. - 352 s.*
4. *Leont'ev A. N. Deiatel'nost'. Soznanie. Lichnost'. - M.: Smysl, 2001.*
5. *Asmolov A. G. Psikhologiya lichnosti: printsipy obshchei psikhologii. - M.: Smysl, 2010. - 367 s.*
6. *Nemov R. S. Psikhologiya obrazovaniia. - M.: Vlados, 2003.*
7. *Kon I. S. Psikhologiya rannei iunosti. - M.: Granitsa, 2024. -368 s.*
8. *Aizenk G. Teoriia lichnosti. - SPb.: Piter, 2001.*
9. *Satir V. Iskuststvo semeinoi terapii. - M.: Klass, 2000.*